

Бекітемін:
Алматы қаласы Әуезов ауданы
Т.О.О «Инсар Компаниясы»
«Ар-Дана» балабақшасы
Меңгерушісі: Сағындықова .З .Ж

**Мектепалды «Қарлығаш» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық тақырыптық үлгі жоспары**

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Сурет салу

| № | Айлар | Оқу қызметінің тақырыптары | Мақсаты мен міндеттері | Сағат саны |
|---|----------|---|--|------------|
| 1 | Қыркүйек | Ағаш бұтақтары (Түрлі түсті қарындаштар) | Мақсаты: балаларға терек бұталары жайлы түсінік беру, ағаштарды өзіндік ерекшеліктеріне байланысты бір-бірінен ажыратуға және терек бұталары суретін салуға үйрету. Міндеттері: білімділік: ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру; дамытушылық: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу. | 1 |
| 2 | | Күзгі орман (Акварель бояу) | Мақсаты: күзгі орманның мазмұнын көре білуді үйрету. Бояумен сурет салуды жетілдіру, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту. Міндеттері: білімділік: мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; дамытушылық: қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік: ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 3 | | Тостаған (Акварель бояу) | Мақсаты: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін | 1 |

| | | | | |
|---|--------------|---|--|---|
| | | | жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту. Міндеттері: білімділік: балаларға тостаған және оған құйылатын сусындар туралы білім беру; дамытушылық: қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруде түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту; тәрбиелік: жұмыс барысында икемділікке тәрбиелеу. | |
| 4 | | Торсық (Түрлі түсті қарындаштар) | Мақсаты: балалардың торсық жайлы білімдерін арттыру, торсықты дұрыс сала білуді үйрету. Міндеттері: білімділік: торсық және оның жасалу жолдары туралы білім беру; дамытушылық: заттың көлеміне, пішініне сәйкес өрнектерді дұрыс орналастыра білу іскерліктерін дамыту; тәрбиелік: түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, жұмысты уақытымен нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу. | 1 |
| 5 | Қазан | Жаңбырлы күн (Акварель бояу) | Мақсаты: балаларды табиғат құбылыстарын бақылай отырып өз сезімдерін бейнелей білуге үйрету, жаңбыр тамшыларын қағаз бетіндегі жазықтықты дұрыс пайдалана отырып түсіруге жаттықтыру. Міндеттері: білімділік: балаларға табиғи құбылыстар туралы білім беру; дамытушылық: үзік сызықтарды жоғарыдан төмен қарай бір бағытта қағаз бетінде бағдарлай білуді үйрету; тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу. | 1 |
| 6 | | Қоржынды сәңдейміз (Түрлі түсті қарындаштар) | Мақсаты: қазақтың үй бұйымы – қоржынмен таныстыру, қоржын туралы білімдерін одан әрі жетілдіру. Міндеттері: білімділік: қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу | 1 |

| | | | | |
|---|---------------|---|---|---|
| | | | техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; дамытушылық: қоржынды нұсқау бойынша безендіру арқылы балалардың көркемдік талғамын және шығармашылық қабілетін дамыту; тәрбиелік: ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыру арқылы көркемдік тәрбие беру, жұмысты орындау барысында ептілікке тәрбиелеу. | |
| 7 | | Автобус (Түрлі түсті қарындаштар) | Мақсаты: төртбұрыш пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білу, түрлі түсті бояудың көмегімен геометриялық пішіндерді пайдаланып автобустың суретін салуды үйрету. Міндеттері: білімділік: балаларға кеңістік туралы, кеңістікте бағдарлау туралы білім беру; дамытушылық: заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру, оларды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру; тәрбиелік: достыққа, татулыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу | 1 |
| 8 | | Бидай масақтары (Акварель бояу) | Мақсаты: балаларға сопақша дөңгелектерді қолдана отырып бидай масақтарын салуды үйрету. Міндеттері: білімділік: балаларға дәнді дақылдардың түрлері туралы білім беру; дамытушылық: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, суреттің мазмұнын бере білуді үйрету; тәрбиелік: астықты, дәнді дақылдарды құрметтей білуге тәрбиелеу | 1 |
| 9 | Қараша | Сазбалшық-тан жасалған табақ (Акварель бояу) | Мақсаты: балаларға ою-өрнек элементтерін қолдана отырып табақты сәндеуді үйрету, тузу сызықтардың түрлі байланыстарымен құрылған қазақтың ою-өрнектерінің суретін салу тәсілдерімен таныстыру. Міндеттері: білімділік: балаларға қазақ халқының ыдыстары туралы білім беру; | 1 |

| | | | | |
|----|------------------|--|---|---|
| | | | <p>дамытушылық: тәрелкені салу ерекшеліктерін, оны ою-өрекпен безендірудің орындалу тәсілдерін үйрету;</p> <p>тәрбиелік: көркемдік талғамын дамыту, ұқыптылық пен жинақылыққа тәрбиелеу.</p> | |
| 10 | | <p>Құмыра (Аквафель бояу)</p> | <p>Мақсаты: құмыра туралы білімдерін жетілдіру, құмыраны сала білуге үйрету.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: балаларды үй тұрмысына қажетті заттармен таныстыру;</p> <p>дамытушылық: сурет салу дағдыларын дамыту, қарапайым пішіндерде өрнекті құрастыра білу іскерліктерін бекіту, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;</p> <p>тәрбиелік: өз халқының қолөнеріне деген сүйіспеншілік сезімін тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 11 | | <p>Гүлдене бер, Қазақстан! (Аквафель бояу)</p> | <p>Мақсаты: мазмұнды сурет салуда бейнелерді бүкіл параққа орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту;</p> <p>дамытушылық: балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту;</p> <p>тәрбиелік: өз елін, жерін сүйе білуге, жұмысты орындауда тиянақтылық мен ептілікке тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 12 | | <p>Ертегідегі құс (Аквафель бояу)</p> | <p>Мақсаты: құстардың сыртқы бейнесі туралы жалпы ұғым қалыптастыру, құстар туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, балалардың құстар туралы білімдерін кеңейту;</p> <p>дамытушылық: құстың пішіні және оны ретімен орналастыруда шығармашылық қабілеттерін дамыту;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу</p> | 1 |
| 13 | Желтоқсан | <p>Менің сүйікті</p> | <p>Мақсаты: балаларды сурет салғанда</p> | 1 |

| | | | | |
|----|--|--------------------------------------|---|---|
| | | ертегім (Аквапель бояу) | ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу. Міндеттері: білімділік: балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру; дамытушылық: балаларды ертегі кейіпкерлерін реттілігімен қағаз бетіне орналастыруды үйрету; тәрбиелік: бауырмалдыққа, достыққа, бір-біріне деген қамқорлыққа тәрбиелеу. | |
| 14 | | Қолғап (Аквапель бояу) | Мақсаты: қазақ халқының ұлттық киімдері мен заттары туралы білімдерін кеңейту және олардың қолданылу мүмкіншіліктерін ажыратуға үйрету. білімділік: қазақ халқының ұлттық киімдері мен ою-өрнектері туралы білімдерін кеңейту; дамытушылық: сұлбаға сәйкес ою-өрнектерді дұрыс орналастыра алу, балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; тәрбиелік: түрлі пішінде симметриялық ою-өрнектерді құрастыра білуге және жинақылық пен ептілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 15 | | Мерекелік отшашу (Аквапель бояу) | Мақсаты: балаларға салтанатты шерулердің мәнін түсіндіру, мерекелер туралы білімдерін одан әрі жетілдіру, көркемдік талғамдарын дамыту. Міндеттері: білімділік: балаларға мерекелердің мәнін түсіндіру, өз жұмысының нәтижесін бағалу; дамытушылық: балалардың шығармашылық қиялдарын дамыту; тәрбиелік: жұмысты икемділікпен орындауға тәрбиелеу. | 1 |
| 16 | | Жаңа жыл мерекесі (Аквапель бояу) | Мақсаты: Жаңа жыл мерекесі туралы түсінік беру, қиялдау, елестету дағдыларын дамыту. Міндеттері: білімділік: Жаңа жыл мерекесі туралы түсініктерін арттыру; | 1 |

| | | | | |
|----|---------------|---|---|---|
| | | | <p>дамытушылық: елестету тәсілі қолдана отырып балалардың шығармашылық қиялдарын дамыту;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу.</p> | |
| 17 | Қаңтар | Аязата (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: қоршаған ортадағы болмысты елестеу арқылы сурет салу дағдыларны қалыптастыру. Олардың сипаттамалық белгілерін байқауға үйрету. Аязатаның бейнесін салуды үйрету.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: Жаңа жыл кешінің аса сыйлы қонағы – Аязатаның қалай пайда болғанымен таныстыру;</p> <p>дамытушылық: Аязатаның бейнесін қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуді үйрету;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты орындауда ұқыптылық пен ептілікке тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 18 | | Мерекелік дастарқан (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: қазақтың дастарқаны, қонақ күту рәсімі туралы түсініктерін жетілдіру. Іс-әрекет барысында өз ойын толық жеткізе әңгімелеу арқылы тілін дамыту.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру;</p> <p>дамытушылық: дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру;</p> <p>тәрбиелік: әсемдікті, сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеу</p> | 1 |
| 19 | | Қыстағы жапырақсыз қайың ағашы (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: серуен кезіндегі бақылаудан кейін алған әсерлерін суретте бейнелеу. Қыстағы жапырақсыз аққайың бейнесін бере білуді үйрету.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: балалардың қайың ағашы туралы білімдерін арттыру;</p> <p>дамытушылық: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;</p> <p>тәрбиелік: табиғатқа деген сүйіспеншілікке, қамқорлық жасауға тәрбиелеу.</p> | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|---|--|---|
| 20 | | Қар кесегі (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: қыс қызығымен таныстыру, қысқа табиғат құбылыстарын сезіне білуге, қардың «аппақ ұлпа», «мамықтай» жұмсақ болатынын түсіндіру, балаларға дербес түрде қар кесегін салуды үйрету.</p> <p>Міндеттері: білімділік: жыл мезгіліне байланысты өзгерісті сурет салуда бере білу білігін бекіту. Балалардың қысқы құбылыстар туралы білімдерін кеңейту; дамытушылық: заттың пішіні туралы білімдерін жетілдіру; тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу</p> | 1 |
| 21 | Ақпан | Атама арналған тымақ (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: пішіндер туралы білімдеріне сүйене отырып, негізгі пішін, олардың бөліктерінің үйлесімділігін бере білуге үйрету.</p> <p>Міндеттері: білімділік: балаларды ер адамға арналған баскиімнің түрлерімен, олардың ерекшеліктерімен, баскиімнің басқа да киімдерден өзгешелігімен таныстыру; дамытушылық: балаларға нұсқау бойынша жұмыс жасауды үйрету; тәрбиелік: қазақ халқының салт-дәстүрін сыйлап-қадірлеуге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 22 | | Қаршақыз-дың сүйікті достары: мысық, күшік (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: Қаршақыздың достарымен танысып, олардың суретін сала білуге үйрету.</p> <p>Міндеттері: білімділік: балалардың достық туралы білімдерін арттыру жануарлардың суретін салуға үйрету; дамытушылық: қағаз бетінде жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, ой қияланы дамыту; тәрбиелік: жануарларға қамқорлық сезімдерге және қайырымдылық пен достыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 23 | | Қысқы табиғат (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету.</p> <p>Міндеттері:</p> | 1 |

| | | | | |
|----|---------------|--|---|---|
| | | | <p>білімділік: балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы білімдерін нығайту;</p> <p>дамытушылық: табиғат құбылыстарын бейнелей білу, балаларға табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттілігін түсіндіру;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты мұқият, таза жасауға тәрбиелеу.</p> | |
| 24 | | Қуыршақтың қамзолы (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: қазақ оюларының элементтерімен қамзолды әшекейлеу, түстердің үйлесіміне құрылған тапсырмаларды орындауға жаттықтыру, сурет салу іскерлік-дағдыларын меңгерту.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: балалардың ұлттық киімдер жайында білімдерін арттыру;</p> <p>дамытушылық: нұсқау бойынша қамзолды безендіруді үйрету;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, көркемдік талғаммен жасауға тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 25 | Наурыз | 8 Наурыз ашықхаты (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: анаға арнап ашықхат жасай білуге үйрету, балаларды өз аналарын және барлық басқа да аналарды құрметтеуге тәрбиелеу.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: балалардың 8 наурыз мерекесі жайында білімдері мен түсініктерін нығайту;</p> <p>дамытушылық: ашық хаттарды шығармалықпен безендіруді үйрету;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты сүйіспеншілікпен жасауға тәрбиелеу</p> | 1 |
| 26 | | Қызғаншақ қонжықтар (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: түрлі жануарлардың сипаттық ерекшеліктерін байқап және оларды суретте бейнелей білу, дұрыс қарым-қатынас жасай білу дағдыларын дамыту.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: достық туралы тату-тәтті қарым-қатынас жасау туралы білімдерін жетілдіру, қызғаншақтықтың жақсылыққа бастамайтыны туралы түсініктерін кеңейту;</p> | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|---|--|---|
| | | | <p>дамытушылық: балалардың сурет салу арқылы көңіл-күйді бере білуін және шығармашылық қиялын даму;</p> <p>тәрбиелік: достыққа, татулыққа, қызғаншақ болмауға тәрбиелеу.</p> | |
| 27 | | Сәукелені әшекейлейміз (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: сәукеленің пішініне сәйкес ою-өрнек элементтерін дұрыс орналастыра білуге үйрету, сурет салу іс-әрекеті арқылы баскиімдерді әшекейлеу, ұлттық ерекшеліктерін ажырата білу.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту;</p> <p>дамытушылық: балалардың шығармашылық қабілетін дамыту;</p> <p>тәрбиелік: балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 28 | | Ұлу (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: балаларды сурет салуда жеңіл қозғалыстар мен қалыптарды бейнелеу арқылы мәнерлі бере білуге үйрету, ұлудың суретін салудағы ептілік пен дағдыларын дамыту.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: балалардың ұлу туралы білімдерін жетілдіру;</p> <p>дамытушылық: балалардың қағаз бетінде дұрыс бағдарлай білу дағдыларын жетілдіру;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты мұқият ептілікпен жасауға тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 29 | Сәуір | Көрікті көктем (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: көктем мезгілі жайлы түсініктерін жетілдіру, көргендерін бейнелеу іс-әрекеті арқылы қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру, ептіліктерін дамыту, бояу түстерін таңдап, алмастыра қолдануға үйрету.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту;</p> <p>дамытушылық: көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу</p> | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|--|---|---|
| 30 | | Сырмақты әшекейлейміз (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: қазақ халқының сәндік өнері бойынша сурет салу, ою-өрнектердің сипатын, түсінің үйлесімділігін бере отырып, көлемді пішіндерді безендеруге үйрету.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: қазақтың ұлттық бұйымдары туралы білімдерін арттыру;</p> <p>дамытушылық: балалрдың сурет салудағы ептілік икемділік дағдыларын және шығармашылық қабілетін дамыту;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты ұқыпты, сәнді жасау арқылы көркемдік талғаммен орындауға тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 31 | | Ғажайып ұшақ (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: күрделі пішіндегі бірнеше заттардың көлеміндегі айырмашылықты көре білуге үйрету, әуе ұшақтары, аспан планеталары туралы білімдерін жетілдіру, сурет салудағы іскерлік дағдыларын дамыту.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: бояумен жұмыс жасауды жетілдіру, балалардың әуе көліктері, соның ішінде ұшақтар туралы білімдерін арттыру;</p> <p>дамытушылық: ұшақ бөліктерін қағаз бетіне орналастыру дағдыларын дамыту;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты таза, нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 32 | | Алма ағашы гүлдеді (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты:көктем мезгілінің табиғат құбылыстарын, бере білу білігін бекіту.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: табиғаттың күрделі емес бейнесін суретте көрсету, балалардың алма ағашы туралы білімдерін бекіту;</p> <p>дамытушылық: айналадағы әсемдікті көре білуге дағдыландыру;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты жауапкершілікпен ұқыпты жасауға тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 33 | Мамыр | Қызыл телпекті қыз (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: ертегі желісі бойынша сурет салуға үйрету, бір мазмұнға біріктіре отырып, бірнеше заттардың</p> | 1 |

| | | | | |
|----|--|--|---|--|
| | | | <p>суреттерін бейнелеуге жаттықтыру.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: ертегі кейіпкерлері, қарым-қатынастары туралы білімдерін нақтылау;</p> <p>дамытушылық: ертегі желісі бойынша кейіпкерлер бейнесін бере білу дағдысын қалыптастыру;</p> <p>тәрбиелік: балаларды қайырымды, көпшіл болуға тәрбиелеу.</p> | |
| 34 | Балалар жаттығу жасайды (Аквапель бояу) | <p>Мақсаты: балалардың жаттығу туралы, олардың маңызы туралы білімдерін бекіту, адамның жалпы дене құрылысын анықтап, жаттығу кезіндегі қолдарының, аяқтарының өзгерісін беруге үйрету, жаттығу жасаудағы балаларды салуға үйрету.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: сурет салуда күрделі емес қимылдарды бере білу, бейнені айқындылығына, қимыл барысында қолдың, аяқтың қалыптарының өзгеруіне қол жеткізу;</p> <p>дамытушылық: балалардың жұмысты орындау барысында шығармашылық қабілеттерін дамыту;</p> <p>тәрбиелік: жұмысты шығармашылықпен орындай білуге тәрбиелеу.</p> | 1 | |
| 35 | Кешкі қала (Аквапель бояу) | <p>Мақсаты: ұжымдық жұмыста бірлесіп еңбек етуге, бір-бірімен ақылдаса, келісе, қала көрінісін шығармашылықпен бейнелеуге жұмылдыру. Қоғамдағы, қоршаған ортадағы жағдайлар, мерекелер, адамдардың еңбегі, ертегі, тақпақ, ән әуендері және тағы басқа сияқты күрделі емес сюжеттерді суретте көрсете білуге үйретуді жалғастыру. Кешкі қала көрінісінің әсемдігін, сұлулығын сезіндіру.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету;</p> <p>дамытушылық: кешкі қала көрінісін</p> | 1 | |

| | | | | |
|----|--------------------------------------|--|---|-----------------|
| | | | сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету; тәрбиелік :жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. | |
| 36 | Алашаны әшекейлеу (Аквафель бояу) | <p>Мақсаты: сәндік-қолданбалы өнермен таныстыру, алашаны ою-өрнектермен әшекейлеуде оны қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге баулу, бояу түстері мен ою-өрнектерді үйлестіру арқылы балалардың көркемдік талғамын дамыту.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>білімділік: балалардың сәндік-қолданбалы өнер туралы білімдерін жетілдіру, түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сзықтарды ырғақты орналастыра отырып, әдемі өрнектер сала білу іскерліктерін бекіту;</p> <p>дамытушылық: ою-өрнектерді дұрыс пайдалана отырып, алашаны әшекейлеуде түрлі ою-өрнек элементтерін үйлестіре білу қабілеттерін дамыту;</p> <p>тәрбиелік:жұмысты сүйіспеншілікпен орындауға көркемдік талғамын қалыптастыруға тәрбиелеу.</p> | 1 | |
| | Барлығы | | | 36 сағат |

Бекітемін:
Алматы қаласы Әуезов ауданы
Т.О.О «Инсар Компаниясы»
«Ар-Дана» балабақшасы
Меңгерушісі: Сағындықова .З .Ж

Мектепалды «Қарлығаш» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық тақырыптық үлгі жоспары

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлімі: Мүсіндеу

| № | Айлар | Оқу қызметінің тақырыптары | Мақсаты мен міндеттері | Сағат саны |
|---|----------|----------------------------|---|------------|
| 1 | Қыркүйек | Жеміс бағында | Мақсаты: балаларды әртүрлі пішінді заттарды мүсіндеуге үйрету. Міндеттері: <i>білімдік:</i> пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып, жемістерді мүсіндеу; <i>дамытушылық:</i> бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу. | 1 |
| 2 | | Себет | Мақсаты: себеттің қажеттілігі туралы түсінік беру, ермексазды бірнеше бөлікке бөліп, есу тәсілі арқылы затты құрастырып мүсіндеуге үйрету. Міндеттері: <i>білімдік:</i> ермексаз кесектерін үзу, жаншу, созу тәсілдерін қолдана отырып себетті мүсіндей алу білімдерін бекіту; <i>дамытушылық:</i> ұсақ қол моторикасын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> жұмысбарысында тазалыққа, бір-біріне өзара көмек көрсетуге, жақсы нәтижеге жете білуге тәрбиелеу. | 1 |

| | | | | |
|---|-------|-------------------------------------|---|---|
| 3 | | Көгөністер | <p>Мақсаты:балаларға көгөністіңпайдасын түсіндіру және пішінге келтіре отырып мүсіндей алуғаүйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i>геометриялық фигуралардықияр, қызылша, сәбіз,т.б. көгөністерпішініне келтіру арқылымүсіндеу; <i>дамытушылық:</i>қолдың ұсақ моторикасын,ойлау қабілеттерін дамыту; <i>тәрбиелік:</i>адамгершілік,эстетикалық тәрбие беру.</p> | 1 |
| 4 | | Саңырау-құлақтар | <p>Мақсаты:балаларға саңырауқұлақ туралы түсінік беру, ермексаздан саңырауқұлақ пішінінмүсіндеуге үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i>саңырауқұлақ түрлерімен таныстыру, түс ерекшеліктерін ажырата отырып бірнеше саңырауқұлақты мүсіндеу,саңырауқұлақ алқабын жасау; <i>дамытушылық:</i>балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; <i>тәрбиелік:</i>еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 5 | Қазан | Күзгі жапырақ-тар(бедерлі мүсіндеу) | <p>Мақсаты: бедерлі мүсіндеу тәсілімен таныстыру; жалпақтау, кесу, шымшу әдістерін тиянақтау, түрлі құралдарды дұрыс қолдана білуге машықтандыруды жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i>маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; <i>дамытушылық:</i>балалардыңқиялын, ойлау қабілетін дамыту; <i>тәрбиелік:</i>еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 6 | | Жаңғақ кемірген тиін | <p>Мақсаты:тиіннің тіршілік ортасы туралы түсінік беру, әдемімүсін жасауға үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i>алған білім дағдыларын</p> | 1 |

| | | | | |
|---|---------------|----------------------------|---|---|
| | | | пайдалана отырып, тиіннің мүсінін жасау, дене бөліктерін біріктіріп қосу, табиғи материалдарды таңдай білу қабілеттерін қалыптастыру; <i>дамытушылық:</i> баланың ойын, тілін, шығармашылық қабілетін, көркемдікталғамын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> жан-жануарларға деген қамқорлық сезімін тәрбиелеу. | |
| 7 | | Үйрек | Мақсаты: балаларды кесек ермексайдан үйрек бейнесін мүсіндеуге үйрету. Міндеттері: <i>білімдік:</i> балалардың «үлкен–кіші», «көп–аз» ұғымы, дөңгелек және сопақша пішін туралы түсініктерін бекіту; <i>дамытушылық:</i> көркемдік талғамдарын, қиялдарын, ойлау қабілеттерін, саусақ икемділіктерін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 1 |
| 8 | | Қоянбауырсақты кездестірді | Мақсаты: ертегі әлеміне деген қызығушылықтарын қалыптастыру, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін мүсіндей білуге және кеңістікте орналастыра білуге үйрету. Міндеттері: <i>білімдік:</i> балаларды елестету арқылы таныс бейненің мүсінін жасау іскерліктерін жетілдіру; <i>бамытушылық:</i> балалардың шығармашылық қабілеттерін, сөйлеу тілдерін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> әсемдікті сезіне білуге, сүйіспеншілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 9 | Қараша | Биші Әйгерім | Мақсаты: ойыншықтардың әр түрін мүсіндеуге, ұжымда жеке жұмыстарды қосып мүсіндеуге үйрету. Міндеттері: <i>білімдік:</i> ермексайдан әртүрлі пішіндер жасату арқылы баланың қызығушылығын ояту, шығармашылық қабілетін арттыру; <i>дамытушылық:</i> балалардың | 1 |

| | | | | |
|----|------------------|-------------------------|---|---|
| | | | ойлауқабілетін, көркемдік талғамдарын арттыру, саусақ қимылдарын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> ұқыптылыққа, тиянақтылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | |
| 10 | | Ит –жеті қазынаның бірі | Мақсаты: балалардың адаммен жануар бейнесін мүсіндей алуіскерлігін қалыптастыру. Міндеттері: <i>білімдік:</i> жануар бейнесін жасай алуға баулу, ермексазбенұқыпты жұмыс істеуге дағдыландыру; <i>дамытушылық:</i> баланың ойлау қабілетін,қол қимыл әрекетінің үйлесімділігін,шығармашылық қабілетін,көркемдік талғамын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> балаларды үй жануарларын сүйуге,оларға қамқор бола білуге,ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 11 | | Жайылымдағы түйе | Мақсаты: әдемітүйенің мүсінін ермексаздан жасау әдіс-тәсілдерін меңгерту. Міндеттері: <i>білімдік:</i> есу, шымшып созу, домалақтау әдістерін меңгерту; <i>дамытушылық:</i> түстерді дәл таңдайбілу арқылы ұсақ қол моторикасындамыту; <i>тәрбиелік:</i> үй жануарларына күтім жасауға,қамқорболуға тәрбиелеу, еңбекке баулу. | 1 |
| 12 | | Жүйрік ат | Мақсаты: мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін қолданаотырып,жүйрік атты мүсіндеу. Міндеттері: <i>білімдік:</i> үйжануарларын ажырата отырып,мүсіндеу әдістерімен таныстыру; <i>дамытушылық:</i> мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру, сөздік қорын молайту, тілін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> бастаған істерін аяғына дейін жеткізуге, төзімділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 13 | Желтоқсан | Бұғы (Дымков ойыншығы) | Мақсаты: Дымков ойыншығын жасауды, сәндік мүсіндеу өнерінүйрету. | 1 |

| | | | | |
|----|--|---------------------------|--|---|
| | | | <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> мүсін өнерінің түрлерімен таныстыру; <i>дамытушылық:</i> мүсіндеу іскерліктерін, қолдың ұсақмоторикасын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> өнерді бағалай білуге тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.</p> | |
| 14 | | Шана | <p>Мақсаты: қысқы табиғат ерекшелігін, әсемдігін сезіну арқылы ойнап жүрген балалардың шанасын мүсіндей білуге үйрету. Міндеттері: <i>білімдік:</i> әртүрлік көлемдегі пішіндер жасау арқылы ермексазбен шананы мүсіндеу жолдарын үйрету; <i>дамытушылық:</i> ұсақ қол моторикасын дамыту, мүсіндеу, түстерді дұрыс таңдау, іскерлік дағдыларын жетілдіру; <i>тәрбиелік:</i> қыс мезгіліне деген қызығушылығын арттыру достыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 15 | | Аққала соққан бала | <p>Мақсаты: балаларға қыс мезгілі және қысайлары туралы түсінік беру. Міндеттері: <i>білімдік:</i> әртүрлік көлемдегі домалақтар жасау арқылы ермексазбен қалай мүсіндеу керектігін үйрету. <i>дамытушылық:</i> есте сақтау қабілетін, сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту, еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасы арқылы шығармашылықпен жұмыс істеу қабілеттерін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 16 | | Қуыршақ (Дымков ойыншығы) | <p>Мақсаты: Дымков ойыншығын жасауға, сәндік мүсіндеу өнеріне үйрету. Міндеттері: <i>білімдік:</i> сазбалшықпен жұмыс істей білуге үйрету, сәндік өнерге баулу; <i>дамытушылық:</i> ұсақ қол, саусақ моторикасын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> ұлттық құндылықтарды</p> | 1 |

| | | | | |
|----|---------------|----------------------------|---|---|
| | | | бағалай білуге тәрбиелеу, эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. | |
| 17 | Қаңтар | Біздің аю | Мақсаты: аюдың өзіне тән ерекшеліктерін ажырата отырып мүсіндей білуге үйрету. Міндеттері: <i>білімдік:</i> үңгу, бекіту әдістерін меңгерту, салыстыра отырып жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; <i>дамытушылық:</i> мүсіндеу іскерліктерін, қол, саусақ икемділіктерін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> табиғатты сүйуге және аялауға тәрбиелеу. | 1 |
| 18 | | Қоян көжектерімен | Мақсаты: балаларды қоянның тыныс-тіршілігімен таныстыру, қоянның үй жануарына жататынын түсіндіру. Міндеттері: <i>білімдік:</i> ермексазды алақанның арасында домалата отырып, оны жалпақтау тәсілдерін жетілдіру. <i>дамытушылық:</i> ұсақ қол моторикасын жетілдіру, баланың ойлау қабілетін, тілін дамыту, сөздік қорын молайту. <i>тәрбиелік:</i> ұйымшылдыққа, тазалыққа, жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 19 | | Жіп орамымен ойнаған мысық | Мақсаты: үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Міндеттері: <i>білімдік:</i> саусақ арқылы жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; <i>дамытушылық:</i> ермексаздың түсін ажырата білу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> тазалыққа, ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 20 | | Торғайлар | Мақсаты: құстардың дене бөліктерінің көлемдерін үйлестіре білуге үйрету. Міндеттері: <i>білімдік:</i> балаларға ермексазды пайдаланып, бірнеше бөліктен тұратын құстың пішінін мүсіндей алуға үйрету; <i>дамытушылық:</i> мүсіндеу арқылы қол қимыл-қозғалыстарындамыту; <i>тәрбиелік:</i> құстарды сүйуге, қамқорлық жасауға баулу, адамгершілікке тәрбиелеу. | 1 |

| | | | | |
|----|-------|-------------------------|--|---|
| 21 | Ақпан | Қуыршаққа арналған ыдыс | <p>Мақсаты: ыдыстар пішінін келтіре отырып мүсіндеуге үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> ыдыс түрлерімен таныстыру, шымшу, созу әдістерін пайдаланып, ыдыс пішінін мүсіндеуге үйрету. <i>дамытушылық:</i> шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> адамгершілікке, қамқорлыққа асай білуге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 22 | | Құмыра | <p>Мақсаты: ыдыстар туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> құмыраны мүсіндеу әдіс-тәсілдерін үйрету; <i>дамытушылық:</i> есте сақтау, ойлау қабілеттерін, ұсақ қол моторикасын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> ұқыптылыққа, еңбекқорлыққа, әдемілікті сезе білуге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 23 | | Кесе | <p>Мақсаты: мүсіндеудің созу, тегістеу, сылау сияқты техникалық әдістерін қолдануға, түстерді анық қабылдай білуге, ермексазды дұрыс қолдануға үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик) таныстыру; <i>дамытушылық:</i> белсенділігін, шығармашылығын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 24 | | Менің сүйікті ойыншығым | <p>Мақсаты: балаларды сүйікті ойыншықтары туралы әңгімелей білуге үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> қиялдау арқылы түрлі ойыншықтарды мүсіндей алу іскеліктерін жетілдіру; <i>дамытушылық:</i> ойыншықтарды мүсіндеу арқылы бала қиялын, ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілеттерін дамыту. <i>тәрбиелік:</i> ұқыптылыққа,</p> | 1 |

| | | | | |
|----|---------------|--------------|--|---|
| | | | еңбекқорлыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. | |
| 25 | Наурыз | Анама сыйлық | <p>Мақсаты: балалардың қол-қимыл әрекетін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> бірлесіп әрекет етуге, өз жұмыстарының нәтижесін салыстырып бағалай білуге жетелеу; <i>дамытушылық:</i> есте сақтау, ойлау қабілеттерін, ұсақ қол қимылдарындамыту. <i>тәрбиелік:</i> ананы сыйлап, сүюге, әсемдікті сезіне білуге тәрбиелеу; жұмыстарын ұқыпты таза істеуге үйрету.</p> | 1 |
| 26 | | Тостаған | <p>Мақсаты: балаларды қазақтың сәндік қолданбалы өнерімен; қымыз құятын ыдыс – тостағанмен таныстыру.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> ұлттықыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; <i>дамытушылық:</i> ойын арқылы балалардың қимыл-қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> балаларды ауызбірлікке, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 27 | | Торсық | <p>Мақсаты: қазақтың ұлттық бұйымы – торсықпен таныстыру; торсықты ермексаздан мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; <i>дамытушылық:</i> ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылы мүсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру; <i>тәрбиелік:</i> ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту, өнерді сүюге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 28 | | Әжемнің | Мақсаты: балаларды мүсіндеудің тегіс | 1 |

| | | | | |
|----|-------|--------------------|---|---|
| | | сандығы | <p>нәрсеге бедер түсіре білу әдісімен таныстыру және үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> әртүрлі әдіс-тәсілдерді, геометриялық пішіндерді пайдалана отырып сандықты мүсіндеу жолдарын үйрету; <i>дамытушылық:</i> ұсақ қол қимылдарын дамыту; есілген ермексазбен әшекейлеу дағдыларын дамыту. <i>тәрбиелік:</i> еңбекқорлыққа, үлкенді құрметтеуге, халықтық өнерді құрметтеуге тәрбиелеу.</p> | |
| 29 | Сәуір | Ғарыш кемесі | <p>Мақсаты: балаларға ғарыш айлағы туралы түсінік беру.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; <i>дамытушылық:</i> балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> Отанын, елін, жерін сүйуге, адалдыққа, батылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 30 | | Желкенді қайық | <p>Мақсаты: суда жүретін көліктер туралы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> қайық пішінін мүсіндей білуді үйрету; <i>дамытушылық:</i> ұсақ қол қимылдарын, есте сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> табиғатты сүйуге, қоршаған ортаны аялауға, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 31 | | Дән шоқыған құстар | <p>Мақсаты: балаларға құстардың тіршілігі туралы түсінік беру.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, құстарды мүсіндей білу іскерлігін жетілдіру; <i>дамытушылық:</i> балалардың ойлау қабілетін, шығармашылығын, ұсақ қол қимылдарын дамыту; <i>тәрбиелік:</i> құстарға қамқор болуға, адамгершілікке, ұқыптылыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.</p> | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|------------------------------|--|---|
| 32 | | Қанатжалау ұстап келеді | <p>Мақсаты: бала бейнесін мүсіндей білуге үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> шығармашылық белсенділігін арттыру; <i>дамытушылық:</i> қол, саусақ икемділігін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> жинақылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 33 | Мамыр | Әдемі гүлдер | <p>Мақсаты: түймедақгүлін мүсіндей білуге үйрету, көктем мезгілі туралы білімдерін кеңейту.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу; өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру; <i>дамытушылық:</i> қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 34 | | Жәндіктер. Қанқыз | <p>Мақсаты: қанқыз және оның өзіне тән белгілерімен таныстыра отырып, әдемі безендіре отырып мүсіндеуге үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> балалардың қол қимыл әрекетін жетілдіру, шығармашылықпен жұмыс істеуге үйрету. <i>дамытушылық:</i> есте сақтау қабілеттерін, тілін дамыту. <i>тәрбиелік:</i> жәндіктерге деген қамқорлық сезімдерін ояту, балаларды ұқыптылыққа, еңбекке тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 35 | | Айнұр балапандарға жем шашты | <p>Мақсаты: балаларға кесек ермексаздан балапан бейнесін мүсіндеуді үйрету.</p> <p>Міндеттері: <i>білімдік:</i> еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру; <i>дамытушылық:</i> қол-қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын, үйлесімділігін дамыту; <i>тәрбиелік:</i> ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 36 | | Жайлауда | <p>Мақсаты: сурет бойынша әңгімелей отырып, жайлау, киіз үй туралы түсінік беру.</p> <p>Міндеттері:</p> | 1 |

| | | | | |
|--|--|----------------|--|-----------------|
| | | | <p><i>білімдік:</i> ұлттық ою-өрнекті мүсіндей білуге үйрету;</p> <p><i>дамытушылық:</i> балалардың қиялын, ойлау қабілеттерін дамыту;</p> <p><i>тәрбиелік:</i> еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу, ұлттық өнерді бағалай білуге тәрбиелеу.</p> | |
| | | Барлығы | | 36 сағат |

Бекітемін:
Алматы қаласы Әуезов ауданы
Т.О.О «Инсар Компаниясы»
«Ар-Дана» балабақшасы
Меңгерушісі: Сағындықова .З .Ж

**Мектепалды «Қарлығаш» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық тақырыптық үлгі жоспары**

Білім беру саласы: «»Шығармашылық

Бөлімі: Жапсыру

| № | Айлар | Оқу қызметінің тақырыптары | Мақсаты мен міндеттері | Сағат саны |
|---|----------|----------------------------|--|------------|
| 1 | Қыркүйек | Көшедегі үйлер | Мақсаты: көп қабатты және бір қабатты үйлерге арналған бөлшектерді ретімен жапсыра білуге үйрету. Міндеттері: архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру, шығармашылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 2 | | Біздің үй | Мақсаты: кіші бөліктерді үлкен бөліктің үстіне кескіндеп жапсыруға үйрету. Міндеттері: геометриялық пішіндерді үйлестіре отырып, үйдің бөліктерін сюжетті жапсыруға үйрету; ойлау, есте сақтау, қағазбен жұмыс жасау қабілеттерін дамыту; еңбекқорлыққа тәрбиелеу; шығармашылыққа жетелеу. | 1 |
| 3 | | Кемпірқосақ | Мақсаты: доғал сызық бойымен қиюды және кеңістікте түстерді сәйкестендіре | 1 |

| | | | | |
|---|--------------|------------------|--|---|
| | | | жапсыруды үйрету. Міндеттері: қайшыны дұрыс қолдана білу, желімді ұқыпты пайдалану дағдысын бекіту; саусақ моторикасын дамыту; логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту, жазғы табиғат құбылыстары туралы түсініктерін жетілдіру; табиғатты сүюге, ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | |
| 4 | | Саңырауқұлақтар | Мақсаты: балаларға геометриялық пішіндерді (дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, сопақша) қию әдістерін меңгерту. Міндеттері: кеңістікте орналастыра білуге үйрету; баланың ой-қиялын дамыту; қол, саусақ қимылдарын жетілдіру; табиғат әсемдігін көре білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 5 | Қазан | Күзгі жапырақтар | Мақсаты: қағазды қатпарлап бүктеу арқылы жапырақтың жиектерін иректеп қиюды үйрету. Міндеттері: қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту; табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу. | 1 |
| 6 | | Бұлттар | Мақсаты: балаларға қағазды жырту әдісін қолданып, бұлттың бейнесін жасауға үйрету. Міндеттері: қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; шығармашылық қабілеттерін дамыту; табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу. | 1 |
| 7 | | Айдарлы әтеш | Мақсаты: әтештің жасалу жолын ретімен үйлестіре білуге үйрету. Міндеттері: үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту; ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту; ұқыптылыққа, әдемілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 8 | | Түлкі | Мақсаты: түлкінің бейнесін қию арқылы пішіндер туралы түсініктерін нығайту. Міндеттері: бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту , ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. | 1 |

| | | | | |
|----|-----------|---------------------------|--|---|
| 9 | Қараша | Теңіз асты патшалығы | <p>Мақсаты: ірі бөлшектерді өзіне тән ұсақ бөлшектермен толықтыра отырып балық бейнесін жапсыруға үйрету.</p> <p>Міндеттері: пішіндердің шеттерін қию, іскерліктерін жетілдіру; шығармашылық қабілеттерін, қол бұлшық еттерін дамыту; қамқорлыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 10 | | Құмырадағы гүл | <p>Мақсаты: қағазды бірнеше бүктеу арқылы қию әдісіне үйретуді жалғастыру.</p> <p>Міндеттері: затқа қарап жапсыру дағдыларын қалыптастыру; қол бұлшық еттерін дамыту; математикалық ұғымдарын бекіту; сұлулықты сезіне білуге, әсемдікке тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 11 | | Бөлме өсімдіктері | <p>Мақсаты: екіге бүктелген қағазды симметриялы сызықпен кесуге, бүктеу арқылы қиюға үйрету.</p> <p>Міндеттері: қайшыны дұрыс ұстау, пішінді ұқыпты қиюын жетілдіру, қағазды бүктеу, жазу арқылы саусақтарды әртүрлі ұсақ қимылдар жасауға үйрету, балалардың бөлмеде өсірілетін гүлдер жайлы түсініктерін кеңейту, бөлме гүлдерін күтіп-баптауға тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 12 | | Тауыс | <p>Мақсаты: бірнеше бөліктерден тұтас бейне құрастырып жапсыруға үйрету.</p> <p>Міндеттері: қаттап қию арқылы бірден бірнеше бөліктерді қиюға үйретуді жалғастыру; түстерді үйлесімді қолдана білуін жетілдіру; қол, саусақ қимылдарын дамыту; өз жұмыстарын бағалай білуге, шыдамдылыққа тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 13 | Желтоқсан | Тікұшақ | <p>Мақсаты: түрлі формадағы бөлшектерді қиып, үлгі бойынша тұтас бейне құрауға үйрету.</p> <p>Міндеттері: тікұшақ туралы білімдерін кеңейту; балалардың ой-өрісін, шығармашылық қабілеттерін дамыту; шыдамдылыққа, таза жұмыс істей білуге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 14 | | Қуыршаққа арналған көйлек | <p>Мақсаты: қағазды бүктеу әдісі арқылы көйлек пішінін қиюға үйрету.</p> | 1 |

| | | | | |
|----|---------------|-------------------------|---|---|
| | | | Міндеттері: қию әдістерін үйретуді жалғастыру, қолдың қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын дамыту; талғампаздыққа, өнерлі болуға ұмтылуға тәрбиелеу. | |
| 15 | | Көлік | Мақсаты: симметриялық бүктеу арқылы бірдей екі пішінді қиюға, салыстырмалы орналастыра білуге үйрету. Міндеттері: заттың өзгешелігін түсіндіру; таныс әдіс-тәсілдерді қолдану; геометриялық түрлі пішіндерді қиюға ептілік, шығармашылық, есте сақтау, қабілеттерін дамыту; жолда жүру ережелерін сақтап, абай болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 16 | | Домбыра | Мақсаты: ұлттық ою-өрнек элементтерін қию әдісіне және үйлесімді сәндеуге үйрету. Міндеттері: бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; шығармашылық қасиеттерін дамыту; қол қимылдарын жаттықтыру; өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету. | 1 |
| 17 | Қаңтар | Қысқы орман | Мақсаты: жырту әдісі арқылы бейнелер- мен сюжетті толықтыруға үйрету. Міндеттері: қыс мезгілінің ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту; суретке қарап шағын әңгіме құрастыру дағдыларын қалыптастыру; саусақ қимылдарын жетілдіру; әсемдікке тәрбиелеу. | 1 |
| 18 | | Қысқы түн | Мақсаты: үлкен және кіші геометриялық пішіндерді салыстыра отырып жапсыруға үйрету. Міндеттері: жапсырудың әдіс-тәсілдерін үйрету; өз беттерімен жұмыс істеу дағдыларын дамыту; қайшымен жұмыс істей білу қабілеттерін арттыру; табиғатты сүюге, қорғауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 19 | | Менің сүйікті ойыншығым | Мақсаты: үлгі сызық бойынша бейнені қия білуін бекіте отырып, өз бетінше безендіруге үйрету. | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|-----------------------|--|---|
| | | | Міндеттері: балаларды өздерінің сүйікті ойыншықтарының аттарын атай отырып сипаттауға және оларға ұқыпты қарай білуге баулу; балаларға қиюдың түрлі тәсілдерін меңгерту; таңдау жасай білуге, ұқыптылыққа үйрету; саусақ қимылдарын арттыру, қағазды қию қабілеттерін дамыту; төзімділікке тәрбиелеу. | |
| 20 | | Мысық | Мақсаты: үлгі сызық бойынша бейнені қия білуін бекіте отырып, өз бетінше безендіруге үйрету. Міндеттері: мысықты жапсыру барысында төзімділікпен ұқыпты жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру; әңгіме барысында танымдық белсенділігін арттыру, ойлауын, қиялын дамыту; жан-жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 21 | Ақпан | Орамалды әшекейле | Мақсаты: түстерді сәйкестендіріп сәндеу техникасы бойынша түрлі өлшемдегі үшбұрыштарды қиюға, бұйымды әшекейлеуге үйрету. Міндеттері: балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау; ұқыпты жапсыруға үйрету; саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу; сенсорикалық тәрбиені дамыту; достарына көмектесе білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 22 | | Әжеме арналған қамзол | Мақсаты: қиюдың түрлі тәсілдерін сәндік қолданбалы өнер элементтерін жапсыруда қолдана білуді үйрету. Міндеттері: сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; ою атауларын еске түсіру;ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | 1 |
| 23 | | Алдаркөсенің шапаны | Мақсаты: қағазды әртүрлі формада жырту және умаждау әдісін қолдануды үйрету. Міндеттері: түрлі сызықтар арқылы жұмысты толықтыруға үйрету, саусақ бұлшық еттерін жетілдіру;жапсыру оқу қызметіне деген қызығушылықтарынарттыру. | 1 |

| | | | | |
|----|---------------|---------------------------|--|---|
| | | | Балалардың шығармашылық қиялын, ойлау қабілетін дамыту; ертегінің жағымды кейіпкерлерінен үлгі алуға тәрбиелеу. | |
| 24 | | Қайындағы қараторғай ұясы | Мақсаты: құстың ұясын және оның жеке бөліктерін қиып, жапсыру әдістерін үйрету. Міндеттері: балалардың құстар және олардың тіршілігі туралы білімдерін кеңейту; қию, жапсыру тәсілдерін жетілдіру, шығармашылық қабілеттерін арттыру; құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. | 1 |
| 25 | Наурыз | Желкенді қайық | Мақсаты: түрлі геометриялық пішіндерден зат құрап жапсыруға үйрету. Міндеттері: қию тәсілдерін жетілдіре отырып жолдасымен бірге жоспарлап, пікірлесіп жұмыс істеуге дағдыландыру; балалардың ой-өрісін кеңейту; дербес іс-әрекетін дамыту; адамгершілікке тәрбиелеу. | 1 |
| 26 | | Гүл салынған ыдыс | Мақсаты: бүктеу әдісін қолданып, жаңа жапсыру тәсіліне үйрету. Міндеттері: ұсақ қол қимылдарын дамыта отырып, қию, жапсыру дағдыларын қалыптастыру;табиғатты аялай білуге, жақсы тілектер айтуға, ұқыпты болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 27 | | Көлшікте | Мақсаты: балаларды қағазды бүгу, бүктеу, қаттау әдістерін қолдануға үйрету. Міндеттері: ұсақ бөлшектерді қию және дұрыс желімдеу дағдыларына үйрету; қол, саусақ моторикасын және ойлау қабілетін дамыту; табиғатты сүюге тәрбиелеу. | 1 |
| 28 | | Жайылып жүрген балапандар | Мақсаты: бүктеу әдісі арқылы бірнеше кескінді бірден қию әдісін меңгерту. Міндеттері: ойын арқылы қол, саусақ қимылдары мен көркемдік талғамдарын дамыту; үй құстарына қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу. | 1 |
| 29 | Сәуір | Үйрек балапандарымен | Мақсаты: балаларды геометриялық пішіндерді салыстыра отырып үйректер жасауға, жасаған жұмысы бойынша әңгімелей білуге үйрету. | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|----------------------|---|---|
| | | | Міндеттері: түстерді сәйкестендіріп жапсыру дағдыларын жетілдіру, қызығушылығын, танымдық белсенділігін арттыру, ұсақ қол қимылын, көркемдік талғамдарын дамыту; табиғаттың әсемдігін көре білуге, аялауға тәрбиелеу. | |
| 30 | | Зымыран | Мақсаты: зымыран пішінін қиып, жапсыруды үйрету. Міндеттері: саусақ қимылдарын дамыту, жапсыру дағдыларын қалыптастыру, қол еңбегіне, ғарыш әлеміне қызығушылығын ояту; білімділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 31 | | Ұшақтар шеруі | Мақсаты: бүктеу әдісі арқылы жіңішке қиықтарды қию жолдарын үйрету. Міндеттері: кеңістікте түзу сызық бойымен әдемі орналастыруға үйрету; ұсақ қол қимылдарын дамыту; қуанышты көңіл-күй қалыптастыра отырып есте сақтау қабілетін дамыту; Отанын, елін сүйуге тәрбиелеу. | 1 |
| 32 | | Көбелектер | Мақсаты: ирек пішіндерді қия білуге үйрету. Міндеттері: қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс пайдаланып, түстерді бір-бірімен жүйелі сәйкестікпен желімдеуге үйретуді жалғастыру; ұжым болып жапсыру жұмысын дұрыс ұйымдастыруға дағдыландыру; әсемдікке, табиғатты сүйуге, оны аялауға тәрбиелеу. | 1 |
| 33 | Мамыр | Достық мерекесі | Мақсаты: түрлі пішіндерді қиып үлгі бойынша сәндеп жапсыруға үйрету. Міндеттері: жапсыру құралдарын ұқыпты қолдануға, жұмысты аяғына дейін шыдамдылықпен орындауға үйрету; ұсақ қол қимылдарын дамыту; татулыққа, достыққа, мейірімділікке тәрбиелеу | 1 |
| 34 | | Мерекелік жалаушалар | Мақсаты: түрлі-түсті қағазды қабаттап қою арқылы екі немесе үш кескін қиып шығаруға үйрету. Міндеттері: қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз | 1 |

| | | | | |
|----|--|----------------|--|-----------------|
| | | | бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру; саусақ қозғалыстарын жетілдіру; қайшымен жұмыс істеу кемділігін арттыру; қуана білуге, достарына, айналасындағыларға қуаныш сыйлай білуге тәрбиелеу. | |
| 35 | | Күнбағыс | Мақсаты: бүктеу әдісімен тұтас бейне қиюға үйрету. Міндеттері: жапсыру дағдыларын жетілдіру, қиялын дамытып, қабілеттерін шыңдау, қию іскерліктерін арттыру; тапсырма орындауда төзімділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 36 | | Жайлауда | Мақсаты: ұлттық нақышта сәндік жапсыруға үйрету. Міндеттері: жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау; шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. | 1 |
| | | Барлығы | | 36 сағат |

Бекітемін:
Алматы қаласы Өуезов ауданы
Т.О.О «Инсар Компаниясы»
«Ар-Дана» балабақшасы
Меңгерушісі: Сағындықова .З .Ж

**Мектепалды «Қарлығаш» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық тақырыптық үлгі жоспары**

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: Математика негіздері

| № | Айлар | Оқу қызметінің тақырыптары | Мақсаты мен міндеттері | Сағат саны |
|---|----------|--|---|------------|
| 1 | Қыркүйек | Біреу – көп | Мақсаты: балаларға заттар жиынынан бір затты бөле білуге үйрету. Міндеттері: «біреу» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 2 | | Заттарды ортақ қасиеті бойынша топқа біріктіру | Мақсаты: балаларға заттар тобының (жиынының) жалпы қасиетін табуды, қандай да бір қасиеті («үлкен», «кішкентай»), тиесілілігі бойынша топқа біріктіруді үйрету. Міндеттері: дара заттарды бөлуді үйрету; бір заттан тұратын жиын туралы ұғым қалыптастыру; «біреу» және «бірнеше» («көп») терминдерін енгізу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 3 | | 1 саны және цифры. 2 саны және цифры | Мақсаты: 1 және 2 сандарының құрамымен; 1 және 2 цифрларымен таныстыру. Міндеттері: «бір» және «көп» («бірнеше») терминдерін енгізі; 1 және 2 сандарымен таныстыру; заттарды санай | 1 |

| | | | | |
|---|--------------|--------------------------------------|---|---|
| | | | алуға; сандардың айтылу реттілігін үйрету. Заттардың қасиетін, белгісін айқындау және оларды топтастыруды үйрету; сөйлеу тілін және назар аудару дағдыларын дамыту; қозғалыстарын үйлестіру, ұсақ қол моторикасын қалыптастыруды жалғастыру. Дербестікке, тәуелсіздікке тәрбиелеу. | |
| 4 | | 3 саны және цифры. 4 саны және цифры | Мақсаты: 3 және 4 сандарымен, 3 және 4 цифрларымен таныстыру. Міндеттері: цифр мен заттар санын сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын жетілдіру; 3 және 4 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 5 | Қазан | 5, 6 сандары және цифрлары | Мақсаты: 5 және 6 сандарының құрылуымен және 5 және 6 цифрларымен таныстыру. Міндеттері: цифрды заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау дағдысын жетілдіру; 5 және 6 цифрларын дұрыс тану мен бейнелеуге үйрету; зейінін, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 6 | | 7, 8, 9 сандары және цифрлары | Мақсаты: 7, 8, 9 сандарының құрылуымен және 7,8,9 цифрларымен таныстыру. Міндеттері: цифрды заттардың санымен сәйкестендіруді үйрету; заттарды санау дағдыларын дамыту; дұрыс тану мен бейнелеуді үйрету; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 7 | | 10 саны | Мақсаты: 0 және 10 санымен және олардың жазылуымен таныстыру. Міндеттері: 10 санының жазбасын заттардың санымен сәйкестендіруге үйрету; заттарды санау және ретімен санау, тура және кері санау дағдыларын жетілдіру; 10 санын дұрыс тануға 1 және 0 цифрларымен бейнелеуге үйрету; зейін мен ойлауды дамыту. Есте сақтау, | 1 |

| | | | | |
|----|---------------|--|---|---|
| | | | сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | |
| 8 | | Заттарды өлшемі бойынша салыстыру | Мақсаты: балаларды заттардың көлемін анықтауға және оларды өлшемі бойынша салыстыруға (үлкен, кішкентай, үлкенірек, кішірек, жоғары, төмен) үйрету. Міндеттері: әртүрлі заттар (5 және одан да көп) арасындағы өлшемдік қатынасты дұрыс қоюға, заттарды өлшемі бойынша өсу және кему ретімен қоя білуге; тілдік дағдыларды, талдау білігін дамыту, есте сақтауға, сөйлеуге дағдыландыру. назар аудару дағдыларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 9 | Қараша | Ұзындық. Шартты өлшеуішті пайдаланып заттарды ұзындығы бойынша салыстыру | Мақсаты: ұзындық – заттардың созылыңқы болу қасиеті туралы ұғым қалыптастыру. Міндеттері: бір-бірінің үстіне қою, жанастыру арқылы және шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын өлшеу мен салыстыруды үйрету. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 10 | | Дөңгелек. Шаршы. Тіктөртбұрыш. Үшбұрыш | Мақсаты: балаларды фигуралармен таныстыру: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш. Міндеттері: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрышты тануды үйрету. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 11 | | Дөңгелек және сопақша | Мақсаты: дөңгелек және сопақша фигуралар туралы ұғым қалыптастыру. Міндеттері: заттардың пішіндерін анықтауға және оларды басқа пішіндегі заттармен салыстыруға үйрету; заттарды түсі, пішіні, шамасы бойынша ажырату білігін қалыптастыру; кеңістіктік ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу | 1 |
| 12 | | Шар, текше, цилиндр | Мақсаты: көлемді геометриялық фигуралармен таныстыру: текше, шар, цилиндр. Міндеттері: текше, шар, цилиндрді тануды үйрету; кеңістіктік ұғымдарды, санау дағдыларын дамыту жұмысын жалғастыру; талдау, салыстыру | 1 |

| | | | | |
|----|------------------|---|---|---|
| | | | білігін дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | |
| 13 | Желтоқсан | Үстінде – астында. Ішінде – сыртында. Алдында – артында. Оң жақта – сол жақта | Мақсаты: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету: жоғары – төмен, оң жақ – сол жақ, ортасында, арасында. Міндеттері: балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу | 1 |
| 14 | | Қағаз бетінде бағдарлау | Мақсаты: балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Міндеттері: қағаз бетінде бағдарлауға (жоғарыда, төменде, оң жағында, сол жағында) қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау (жоғары, төмен, ортасы, оң жақ, сол жақ) дағдыларын дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа, төзімділікке тәрбиелеу. | 1 |
| 15 | | Кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні. Таңертең, күндіз, кеш, түн | Мақсаты: балаларды «ұзақтық» (уақыт) терминімен таныстыру. Міндеттері: уақытты сипаттайтын сөздердің атауларын анықтау: кеше, бүгін, ертең, бүрсігүні; таңертең, күндіз, кеш, түн. Зейін мен жадты дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 16 | | Апта күндері | Мақсаты: апта күндерінің атауларын бекіту. Міндеттері: уақыт туралы ұғымдарды қалыптастыру жұмысын жалғастыру; реттік және есептік санау дағдыларын жетілдіру; зейін мен логикалық ойлауды дамыту. Дербестікке тәрбиелеу. | 1 |
| 17 | Қаңтар | Ауыр. Жеңіл | Мақсаты: заттардың салмағы мен өлшеуі туралы ұғым қалыптастыру. Міндеттері: «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалану арқылы салыстыруға үйрету; заттарды қолға алып, салмағы бойынша салыстыруға және өлшемі бойынша салмағын анықтауға үйрету; кеңістікте орналасуды сипаттау білігін дамыту; зейін, ойлау дағдысын дамыту. Есте | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|------------------------------------|---|---|
| | | | сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | |
| 18 | | Заттарды салмағы бойынша салыстыру | Мақсаты: заттардың салмағы және оларды өлшеу туралы ұғымдарды бекіту. Міндеттері: «жеңіл – ауыр» сөздерін пайдалана отырып, салыстыруды үйрету; заттардың салмағын өлшемі бойынша анықтауды үйрету; кеңістікте орналасуды сипаттау білігін дамыту жұмысын жалғастыру; зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдыларын дамыту. Дербестікке тәрбиелеу. | 1 |
| 19 | | Бүтін және бөлік | Мақсаты: «бүтін және бөлік» терминдерін енгізу; бөліктерден бүтінді құрастыруға және бүтінді бөліктерге бөлуге үйрету. Міндеттері: түпкілікті жиын мен оның құрамдас бөліктерінің арасындағы қатынасты анықтау білігін дамыту: бүтін өзінің бөлшегінен үлкен сандарды салыстыру білігін | 1 |
| 20 | | Артық, кем, тең | Мақсаты: «артық», «кем», «тең» ұғымдарын қалыптастыру. Міндеттері: түпкілікті жиын мен оның бөліктері арасындағы қатынастарды анықтау білігін дамыту: бүтін өзінің бөлшегінен үлкен; саны бойынша бірдей бөліктердің арасындағы өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау; балаларды «=» белгісімен, оның мәнімен таныстыру. Зейінді, жадты, логикалық ойлауды дамыту. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 21 | Ақпан | 10 көлемінде тура және кері санау | Мақсаты: 1 – 10 сандарының ретімен, тура және кері санаумен таныстыру. Міндеттері: келесі санды 1-ді қосу арқылы және 1-ді азайту арқылы алу тәсілімен таныстыру. Сандық кесіндіден 1-ді қосу және 1-ді азайту арқылы мысалдар шығару ұғымдарын қалыптастыру. 1-ді қосу және азайтуды үйрету. 10-ға дейін тура және кері санауды жүргізу. Назар аудару, логикалық ойлау дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 22 | | Заттар тобын | Мақсаты: теңдік туралы ұғым | 1 |

| | | | | |
|----|---------------|---|--|---|
| | | салыстыру және санау | қалыптастыру. Міндеттері: топтарда заттардың тең санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылауға үйрету; талдау және қорытындылау білігін дамыту; дербестікке баулу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | |
| 23 | | Заттың бірнеше тең бөліктері | Мақсаты: заттың бірнеше тең бөлікке бөлінуі туралы ұғым қалыптастыру. Міндеттері: осы бөліктерді атауға, бүтін мен бөліктерді салыстыруға үйрету; бүтіннің тең бөліктерінің атауларымен таныстыру: «жарты», «төрттен бір бөлік», «үштен бір бөлік». Есте сақтау, зейінді, ойлауды, сөйлеу дағдысын дамыту. Басталған істі соңына жеткізуге баулу. | 1 |
| 24 | | Қарапайым мысалдар мен есептерді шығару | Мақсаты: есептер мен мысалдар шығару ұғымын қалыптастыру және оларды цифрмен және таңбалармен белгілеуді үйрету. Міндеттері: қарапайым мысалдар мен есептерді шығару білігін қалыптастыру; зейінді, логикалық ойлау дағдысын дамыту; дербестікке баулу. Есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Шыдамдылыққа тәрбиелеу. | 1 |
| 25 | Наурыз | Шартты өлшем | Мақсаты: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын дамыту. Міндеттері: үлгіден ұзынырақ (қысқарак), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табу білігін қалыптастыру. Зейінді, жадты, логикалық ойлауды және сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. | 1 |
| 26 | | Ұзын – қысқа, биік – аласа, кең – тар, қалың – жұқа. Тең заттар | Мақсаты: шартты өлшемнің көмегімен заттарды шамасы бойынша салыстыру дағдыларын дамыту. Міндеттері: үлгіден ұзынырақ (қысқарак), жоғарырақ (төменірек), жуанырақ (жіңішкерек) және оған тең заттарды табу білігін дамыту. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. | 1 |

| | | | | |
|----|-------|------------------------------------|--|---|
| | | | Дербестікке баулу. | |
| 27 | | Геометриялық пішіндер және денелер | Мақсаты: геометриялық пішіндердің атауларымен: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш; денелердің атауларымен: текше, шар, цилиндр таныстыру. Міндеттері: пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табуға үйрету. Зейінді, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. | 1 |
| 28 | | Геометриялық пішіндегі заттар | Мақсаты: пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр бекіту. Міндеттері: пішін мен денелердің ерекше қасиеттері туралы ұғым қалыптастыру. Көлемді пішіндер мен денелерді ажыратуға, осы пішіндерді қоршаған ортадан табуға үйрету. Зейінді, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын дамыту. Басталған істі соңына дейін жеткізуге баулу. | 1 |
| 29 | Сәуір | Пішіндер неге ұқсайды? | Мақсаты: геометриялық денелердің атауларымен таныстыру, заттардың белгілері. Міндеттері: қоршаған орта заттарының нысаны туралы ұғым қалыптастыру. Қоршаған ортадан геометриялық пішіндегі заттарды табуға, есептерді шығарған кезде ойлануға, әртүрлі белгілер бойынша салыстыруға үйрету. Зейінді, жады мен сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. | 1 |
| 30 | | Кім қайда тұр? | Мақсаты: заттардың кеңістікте орналасуы ұғымдарымен таныстыру. Міндеттері: жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада ұғымдарымен таныстыру. Қоршаған ортада бағдарлануға (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада); белгілі бір затты оның орналасуын сипаттау бойынша табуға үйрету. Дербестікке баулу. | 1 |
| 31 | | Қағаз бетінде | Мақсаты: кеңістікте орналасу | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|--|--|---|
| | | бағдарлау | ұғымдарын, жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта, ортада түсініктерін бекіту. Міндеттері: қағаз бетінде (жоғары, төмен, оң жақ, сол жақ, ортада) бағдарлауға, дәптер бетінде белгілі бір суретті табуға үйрету. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. | |
| 32 | | Жыл мезгілдері | Мақсаты: жыл мезгілдерінің, айлардың атауларымен және олардың реттілігімен таныстыру. Міндеттері: жыл мезгілдері және табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту. Жыл мезгілдерін және ай атауларын рет-ретімен атауға үйрету. Зейінді, жадты, сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. | 1 |
| 33 | Мамыр | Тәулік уақыты, апта күндері, оқиға тізбегі | Мақсаты: оқиғалардың уақыт бойынша реттілігін сипаттайтын сөздермен таныстыру: кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн. Міндеттері: оқиғалардың ұзақтығы, тәулік мезгілдері туралы ұғым қалыптастыру. Болған, болып жатқан және болатын оқиғаларға қатысты «кеше, бүгін, ертең» сөздерін дұрыс қолдануға үйрету. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. | 1 |
| 34 | | Таразы | Мақсаты: заттарды таразыда теңестіру тәсілімен таныстыру. Міндеттері: салмақ бойынша таразыға өлшеуге болатыны, таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек деген ұғыммен таныстыру. Салмақ бойынша теңдіктер мен теңсіздіктер құруға, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. | 1 |
| 35 | | Өлшеу | Мақсаты: заттарды салмағы бойынша таразыда теңестіру тәсілімен таныстыру. Міндеттері: салыстыруға болады, таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек деген ұғымды бекіту. Салмақ бойынша | 1 |

| | | | | |
|----|--|----------------|---|---------------------|
| | | | теңдіктер мен теңсіздіктер құруға, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. | |
| 36 | | Бекіту | Мақсаты: алған дағдылары мен білімдерін жүйелеу және бекіту. Міндеттері: 10 шегінде тура және кері санау білігін, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру білігін бекіту. Зейінді, жадты және сөйлеу дағдысын дамыту. Дербестікке баулу. | 1 |
| | | Барлығы | | 36 сағат |

Бекітемін:
Алматы қаласы Әуезов ауданы
Т.О.О «Инсар Компаниясы»
«Ар-Дана» балабақшасы
Меңгерушісі: Сағындықова .З .Ж

Мектепалды «Қарлығаш» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық тақырыптық үлгі жоспары

Мектепалды «Қоңырау» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық тақырыптық үлгі жоспары

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: Құрастыру

| № | Айлар | Оқу қызметінің тақырыптары | Мақсаты | Сағат саны |
|---|----------|----------------------------|---|------------|
| 1 | Қыркүйек | Ұшақ | Мақсаты: құрылыс материалдарынан Құрастыру бөлшектерінің негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. | 1 |
| 2 | | Көңілді автобус | Мақсаты: қағазды ортасынан қос бүктеу, түрлі бағытта, тегістеп бүктеп тәсілімен таныстыру. | 1 |
| 3 | Қазан | Жәндіктер | Мақсаты: табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру, олардан әртүрлі ұсақ заттар дайындай білуге үйрету. | 1 |
| 4 | | Жануарлар әлемі | Мақсаты: қалдық заттардың түрлерімен таныстыру, оларды пайдалана білуге үйрету. | 1 |

| | | | | |
|----|-----------|----------------------------|--|---|
| 5 | Қараша | Менің үйім | Мақсаты: Құрылыс материалдарын құрастыру дағдыларын қалыптастыру, үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. | 1 |
| 6 | | Әдемі ұшақтар | Мақсаты: Қағаздан құрастыруға үйретуде түрлі бағытта: тегістеп бүктеу, шаршы қағазды бүктеу біліктерін қалыптастыру. | 1 |
| 7 | Желтоқсан | Орманды мекендеушілер | Мақсаты: Табиғи материалдардан ұсақ заттар жасай білуге үйрету, оларды пайдалана отырып әртүрлі бейнелер жасай білу дағдыларын қалыптастыру. | 1 |
| 8 | | Ою-өрнектер | Мақсаты: Қалдық материалдардың түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Сым темірмен жұмыс жасауға дағдыландыру. | 1 |
| 9 | Қаңтар | Көліктер | Мақсаты: Құрылыс материалдарымен және «Лего» конструкторларымен жұмыс жасай білуге үйрету. | 1 |
| 10 | | Түлкі мен ешкі | Мақсаты: Қағаз цилиндрлерден, конустан жануарлардың пішіндерін жасау білуге үйрету. | 1 |
| 11 | Ақпан | Киіз үй | Мақсаты: Киіз үй құрастыруда оның негізгі бөліктерін және оған тән бөлшектерін анықтай білуге үйрету. | 1 |
| 12 | | Сиқырлы қораптар | Мақсаты: Балалардың қалдық заттармен жұмыс жасау дағдыларын жетілдіру, тіктөртбұрышты және цилиндр пішіндерден жануарлардың бейнесін жасай білуге үйрету. | 1 |
| 13 | Наурыз | Жаңғақ қабығынан құрастыру | Мақсаты: Табиғи материалдарды мақсатты пайдалана білуді бекіту, грек жаңғағын пайдалана арқылы белгілі бір заттардың бейнесін құрастыра алуға дағдыландыру. | 1 |
| 14 | | Төбешіктер | Мақсаты: Құрылыс | 1 |

| | | | | |
|----|----------------|----------------------------|---|-----------------|
| | | | материалдарының негізгі бөліктерін, төбешіктің негізгі және қосымша бөлшектерін ажырата білу (тірегі, сырғанап түсетін бөлігі, басқыштары, ұстайтын бөліктері т.б.), бөлшектерін атауға үйрету, оларды көлемі, түсі бойынша ажырата білуге баула. | |
| 15 | Сәуір | Мысық | Мақсаты: Қалдық материалдармен жұмыс кезінде өз қызметін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, түрлі түстерді үйлестіру арқылы сіріңке қораптарынан әртүрлі заттар құрастыруға үйрету. | 1 |
| 16 | | Күшіктер | Мақсаты: Қағазбен жұмыс жасауда, жолақ қағаздардан үлкен, кіші цилиндр пішінін жасауға және олардан күшіктің бейнесін жасай алуға үйрету. | 1 |
| 17 | Мамыр | Шырша бүрлерінен құрастыру | Мақсаты: Табиғи материалдармен таныстыруды жалғастыру және онымен жұмыс жасауды бекіту. | 1 |
| 18 | | Менің балабақшам | Мақсаты: Ұжымдық мазмұнды құрастыруда құрылыс материалдарынан балабақшаны құрастыруды үйрету, балабақшаның басқа ғимараттардан ерекшелігін сезіну. | 1 |
| | Барлығы | | | 18 сағат |

Бекітемін:
Алматы қаласы Өуезов ауданы
Т.О.О «Инсар Компаниясы»
«Ар-Дана»балабақшасы
Меңгерушісі: Сағындықова .З .Ж

**Мектепалды «Қарлығаш» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық тақырыптық үлгі жоспары**

Білім беру саласы: «Таным»

Бөлімі: Жаратылыстану

| № | Айлар | Оқу қызметінің тақырыптары | Мақсаты мен міндеттері | Сағат саны |
|---|----------|----------------------------|---|------------|
| 1 | Қыркүйек | Бізді не қоршап тұр? | а)«Жансыз табиғат» деген түсінікпен таныстыру, жансыз табиғаттағы заттарды адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білуге үйрету. ә)Өзіндік тәжірибеалды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін дамыту. б)Қоршаған табиғатты аялай білуге үйрету. Әлемді өз бетінше тануға деген құштарлықтарын ояту. | 1 |
| 2 | | Табиғатта не өзгерді? | а)Күзде табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылау, бір-бірінен айыру және атын атап беруге; себеп-салдарлық байланыстарды анықтай білуге үйрету. ә)Балалардың тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа | 1 |

| | | | | |
|---|--------------|--------------------------------------|---|---|
| | | | деген қызығушылықтарын дамыту, салыстыру, бақылау нәтижелерін бір-бірімен салыстырып, қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Табиғатқа жауапкершілікпен қарауға баулу. | |
| 3 | | Нан қайдан келеді? | <p>а)Балалардың нан өсіру жайлы білімдерін жетілдіру.</p> <p>ә)Ізденістік-танымдық жұмыстарға деген талпынысын күшейту.</p> <p>б)Нанды қастерлеуге, оны өсіріп, өндіруге атсалысатын адамдардың еңбегіне құрметпен қарай білуге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 4 | | Себетке қандай саңырауқұлақ саламыз? | <p>а)Саңырауқұлақтың кейбір жеуге жарамды (қозықұйрық, томарқұлақ, ақ саңырауқұлақ, қайың саңырауқұлақ, терекқұлақ) және улы түрлері (шыбынжұт,боз арамқұлақ) туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>ә)Балаларға саңырауқұлақтардың түр-түсі мен атауларын үйрету. Құрбы-құрдастарымен және ересектермен емін-еркін сөйлесу кезінде танымдық-зерттеушілік қызметті дамыту.</p> <p>б)Табиғатты аялай білуге баулу.</p> | 1 |
| 5 | Қазан | Ағаш және бұта | <p>а)Ағаш және бұталардың атауларымен таныстыру және олардың түрлерін бір-бірінен өзіне тән ерекшеліктеріне қарай (жапырағы, жемісі, діңі) айыра білуге үйрету.</p> <p>ә)Өзінің өлкесінде өсетін ағаш, бұта және шөптер туралы түсініктерін нығайту. Тірі нысанды суреттей білу қабілеттерін дамыту. Балалардың зейінін, жадын күшейту. Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету.</p> <p>б)Рухани-ізгілік және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.</p> | 1 |

| | | | | |
|---|---------------|---|--|---|
| 6 | | Біздің өлкемізде қандай жануарлар тіршілік етеді? | <p>а)Жабайы аңдардың тіршілігі жайлы түсінікті кеңейту.</p> <p>ә)Жануарлардың сырт келбеті мен жылдың әр мезгіліндегі тіршілік ету ерекшеліктерін ажыратып, сипаттай білуге үйрету. Себеп-салдарлық байланысты анықтай білу қабілеттерін дамыту.</p> <p>б)Жануарлар әлемін сүйеге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 7 | | Барлық ағаштардың жапырағы түсе ме? | <p>а)Күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету.</p> <p>ә)Балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту.</p> | 1 |
| 8 | | Жыл құстары | <p>а)Қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту.</p> <p>ә)Табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту. б)Табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету.Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру.</p> | 1 |
| 9 | Қараша | Аңдар қысқа қалай дайындалады? | <p>а)Жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>ә)Себеп-салдар байланысын анықтай білуге үйрету. Логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту.</p> <p>б)Табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге</p> | 1 |

| | | | | |
|----|------------------|--|--|---|
| | | | тәрбиелеу. | |
| 10 | | Терезе алдында не өсіп тұр? | <p>а)Балаларды жаңа бөлме өсімдіктерімен таныстыру.</p> <p>ә)Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту,бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Зерттеушілік мінез-құлық пен «жаңаны танысам» деген құлшыныстарын дамыту.</p> | 1 |
| 11 | | Тұқымнан не өсіп шығады? | <p>а)Балалардың өсімдіктердің көбею тәсілдері, оның өсуіне кері әсер ететін белгілі бір жағдайлар, өсімдіктің өсу және дамуының негізгі кезеңдері туралы түсініктерін кеңейту.</p> <p>ә)Қарапайым экологиялық және зерттеушілік мәдениетін дамыту.</p> <p>б)Топта өзінің Құрбы-құрдастарымен бірігіп жұмыс істей білуге үйрету.</p> | 1 |
| 12 | | Өсімдіктерге өсу үшін не қажет? | <p>а)Өсімдіктердің тірі ағза екенін және өсу үшін барлық тіршілік иесі секілді оларға да белгілі бір қолайлы жағдайлар қажеттігі туралы түсінік қалыптастыру. ә)Өсімдіктердің адам өмірі үшін маңыздылығы туралы түсінікті бекіту. Топпен бірге жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту.</p> <p>б)Жануарлар мен өсімдіктер әлемін сүйуге баулу.</p> | 1 |
| 13 | Желтоқсан | Табиғат бұрышын мекендеушілер ді білесің бе? | <p>а)Табиғат бұрышын мекендейтін атжалман,теңіз шошқасы сынды тіршілік иелері туралы білетін мәліметтерін толықтыру.</p> <p>ә)Белгілі бір жануарды суреттеу қабілеттерін; зейінін және есте сақтау қабілеттерін дамыту.</p> <p>б)Жануарлар әлеміне деген</p> | 1 |

| | | | | |
|----|---------------|--|--|---|
| | | | сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға қамқорлық жасауға құштар етіп тәрбиелеу. | |
| 14 | | Аквариумда не тіршілік етеді? | <p>а)Балаларды аквариумдағы балықтардың тіршілігімен таныстыру.</p> <p>ә)Құрбы-құрдастары және ересектермен еркін қарым-қатынас жасау арқылы олардың танымдық-зерттеушілік іс-әрекеттерін дамыту.</p> <p>б)Балаларды еңбекқорлыққа, құрбыларымен достық қарым-қатынас жасауға баулу.</p> | 1 |
| 15 | | Жануарлардың тіршілігі үшін не қажет? | <p>а)Жануарлардың бәрінің тірі жан иесі екендігі және олардың тіршілік етуіне белгілі бір жағдайлар қажеттігі туралы түсінікті пысықтау.</p> <p>ә)Олардың зейін қойып тыңдау, көзбен көргенін естеу сақтау және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>б)Зерттеушілік мәдениетін дамыту.</p> | 1 |
| 16 | | Боран қай кезде соғады? | <p>а)Қыста табиғатта болатын маусымдық өзгерістерді бақылап, олардың атын атау және бір-бірінен ажыратуға үйрету. ә)Қарапайым зерттеушілік және экологиялық мәдениет қалыптастыру.</p> <p>б)Қоршаған ортаны тануға деген қызығушылықтарын арттыру: Құрбы-құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу.</p> | 1 |
| 17 | Қаңтар | Қыстап қалатын құстар немен қоректенеді? | <p>а)Құстардың қысқы тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Балалардың бойында табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. ә)Қарапайым ғылыми түсініктерін дамыту; заттарды</p> | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|--|---|---|
| | | | салыстырғанда талдау қабілеттерін дамыту. б)Жануарларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | |
| 18 | | Қар тоқтату жұмысы | а)Судың: қатты, сұйық және газ тәріздес үш түрлі күйі туралы түсінік қалыптастыру. Балаларға қарапайым ғылыми білім беру. Зерттеушілік іс-әрекеттеріне баулу. | 1 |
| 19 | | Үй жануарларының қандай пайдасы бар? | а)Үй жануарлары мен олардың төлдері; олардың адамға әкелетін пайдасы туралы түсініктерін толықтыру; үй жануарлары мен жабайы жануарлардың атын атап, оларды бір-бірінен айыра білуге үйрету. ә)Қандай да бір жануарды суреттей білу қабілеттерін дамыту; зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. б)Табиғатты бағалай білуге, оған адамгершілік қарым-қатынас жасауға үйрету. | 1 |
| 20 | | Өтеш қай кезде шақырады? | а)Үй құстарының атауларын білу және оларды бір-бірінен ажырата білу қабілеттерін нығайту. ә)Тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылықтарын, бақылау нәтижелерін талдау, салыстыру және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. б)Табиғатқа қайырымды болуға, эмоционалды, эстетикалық және этикалық сезімдерін қалыптастыру. | 1 |
| 21 | Ақпан | Асыранды үй жануарларын қалай күтіп-баптаймыз? | а)Балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. Олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту. ә)Балалардың бойында табиғат туралы | 1 |

| | | | | |
|----|---------------|--------------------------------|--|---|
| | | | қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. б)Табиғатқа қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. | |
| 22 | | Алақай, көктем келді! | а)Балалардың жануарлар мен өсімдіктер үшін жылу көзі болып табылатын күн туралы түсініктерін пысықтау. ә)Өзіндік тәжірибе алды жұмыстарды ұйымдастыру арқылы балалардың осыған қатысты түсініктерін кеңейту. б)Танымдық қызығушылықтарын арттыру, зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру | 1 |
| 23 | | Ауа не үшін қажет? | а)Балалардың «Тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту. Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. ә)Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету. | 1 |
| 24 | | Пайдалы қазбалар дегеніміз не? | а)Жансыз табиғатқа жататын заттар туралы түсініктерін қалыптастыру. ә)Олардың аттарын атап, бір-бірінен ажырата білу қабілеттерін дамыту. б)Қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарай білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 25 | Наурыз | Орман | а)Қылқан жапырақты ағаштар мен қарағай ормандарын мекендейтін жануарлар арасындағы байланыстар туралы түсінік қалыптастыру. ә)Топпен жұмыс істеу, келісімге келу, жанындағы серіктесінің пікірін ескеру сынды әлеуметтік құзіреттіліктерін дамыту. | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|--------------------------------|---|---|
| | | | б)Туған табиғатқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. | |
| 26 | | Өсімдіктерді қалай күту қажет? | а)Балалардың өсімдіктерді күту, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту. ә)Танымдық-ізденімпаздық қызметке деген қызығушылықтарын дамыту. б)Өзімен құрбы-құрдастарымен достық қарым-қатынаста болуға, бірлесіп атқарған жұмысты оң қабылдауға тәрбиелеу. | 1 |
| 27 | | Суда тіршілік ететін жануарлар | а)Балалардың балықтар, бақалар мен су жәндіктері және олардың тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту. ә)Табиғат жөнінде қарапайым ғылыми түсінік қалыптастыру, табиғатпен қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру. б)Төңірегіндегі адамдармен жақсы қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. | 1 |
| 28 | | Көктем белгілері | а)Балалардың табиғаттағы маусымдық өзгерістер жайлы; сүңгі, тамшы сынды құбылыстар туралы түсініктерін кеңейту. ә)Ізденімпаздық-танымдық қызметке деген құштарлығын кеңейту. б)Бірлесіп зерттеулер жүргізуге деген қызығушылығын ояту. | 1 |
| 29 | Сәуір | Жантақ қайда өседі? | а)Балалардың бойында түрлі өсімдіктердің өсетін жері (далалық, шабындық, орман, егіс алқабы, бақша және т.б.), аймақтың ерекшелігіне қарай өсетін: жантақ, сексеуіл, бетеге, құм қарағаны, ебелек (қаңбақ), жүзгін сынды өсімдіктер туралы мағлұматтар беру. ә)Тәжірибелік жұмысқа деген қызығушылықтарын арттыру, бақылау | 1 |

| | | | | |
|----|--------------|---|---|---|
| | | | нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін күшейту. б)Туған өлкені сүйе білуге тәрбиелеу. | |
| 30 | | Қандай өсімдіктердің емдік қасиеті бар? | а)Балалардың бойында дәрілік өсімдіктердің кейбір түрлері және олардың емдік қасиеттері туралы түсінік қалыптастыру; гүлдейтін шөптесін өсімдіктердің өздеріне тән белгілеріне қарай атын атап, оларды тану қабілеттерін дамыту. ә)Зейінін, көзбен көргенін есте сақтау қабілеттерін және сөздік-логикалық жадын, ойлау қабілеттерін дамыту. б)Зерттеушілік мәдениетке тәрбиелеу. | 1 |
| 31 | | Жануарлар жауынан қалай қорғанады? | а)Балалардың қоректік тәуелділік туралы түсініктерін жетілдіру; қоректік тізбек жасау қабілеттерін дамыту. ә)Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. б)Табиғатпен адамгершілік қарым-қатынаста болуға үйрету. | 1 |
| 32 | | Көктемгі табиғаттың өзгеруі | а)Балаларды көктемдегі маусымдық өзгерістермен таныстыру; ағаштардың гүлдеу ерекшеліктері туралы түсініктерін пысықтау. ә)Өзіндік тәжірибеалды жұмыстар ұйымдастыру арқылы балалардың түсініктерін нығайту. б)Табиғатты аялауға тәрбиелеу. | 1 |
| 33 | Мамыр | Ағаштарды не үшін отырғызады? | а)Балалардың жасыл-желектің адам мен жануарлар өмірінде атқаратын рөлінің маңыздылығы туралы экологиялық түсініктерін нығайту. ә)Тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмысқа деген қызығушылықтарын | 1 |

| | | | | |
|----|--|--|---|-----------------|
| | | | күшейтіп, бақылау нәтижесін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. Табиғатпен саналы қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу. б)Зерттеушілік белсенділікке баулу. | |
| 34 | | Қызыл кітапқа қандай жануарлар мен өсімдіктер енген? | а)Балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту. ә)Тірі нысанды суреттеу қабілеттерін, зейінін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. б)Туған өлкені сүйеге тәрбиелеу. | 1 |
| 35 | | Табиғатқа қамқор бол | а)Табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта мәселелеріне аудару. ә)Балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. б)Құрбы-құрдастарымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. | 1 |
| 36 | | Біз – жас зерттеушіміз | а)Жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық іс-әрекеттерін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту. ә)Тәжірибелік-тәжірибеалдык жұмыстарға деген қызығушылықтарын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту. б)Зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. | 1 |
| | | Барлығы | | 36 сағат |

Бекітемін:
Алматы қаласы Әуезов ауданы
Т.О.О «Инсар Компаниясы»
«Ар-Дана» балабақшасы
Меңгерушісі: Сағындықова .З .Ж

Мектепалды «Қарлығаш» тобының 2021-2022 оқу жылына арналған ұйымдастырылған оқу қызметінің жылдық тақырыптық үлгі жоспары

Білім беру саласы: «Әлеумет»

Бөлімі: Қоршаған ортамен танысу

| № | Айлар | Оқу қызметінің тақырыбы | Мақсаты мен міндеттері | Сағат саны |
|---|----------|--|--|------------|
| 1 | Қыркүйек | Заттардың адам өміріндегі маңызы. Не неден жасалады? | Мақсаты: заттардың адам өміріндегі маңызын түсіну; заттардың неден жасалғанын анықтау. Міндеттері: а)Балаларға заттардың белгілері мен ерекшеліктері туралы білім беру. ә)Қандай материалдан заттардың жасалатыны және олардың жасы жайлы түсініктерін кеңейту. б)Балаларды заттардың түрлерін сипаттауға, оларды қолдану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауға тәрбиелеу. | 1 |
| 2 | | Жыл мезгілдері:жаз, күз. Белгілері | Мақсаты: жаз және күз мезгілдерінің маңызды, негізгі белгілерін бөліп көрсетіп, табиғаттағы әр мезгілге тән | 1 |

| | | | | |
|---|--------|----------------------------|---|---|
| | | | өзгерістерді айта алу; табиғаттағы өзгеріске байланысты өсімдіктер мен жануарлар тіршілігінде болатын өзгерістерді анықтай білу. | |
| 3 | Қазан | Барлық мамандық қажет | <p>Мақсаты: мамандық иелерінің жұмыстары жайлы жалпы мағлұмат беру, олардың пайдаланатын құрал-жабдықтары жайлы түсінік беру; мамандықтың бәрі жақсы деген қорытындыға келу.</p> <p>Міндеттері:</p> <p>а)Мамандықтың түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру, жетілдіру.</p> <p>ә)Өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру.</p> <p>б)Маман иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбилеу.</p> | 1 |
